

Ақшаның болашақ құны

Болатова А.Ғ.

УА-18-1К топ студенті

Ныйканбаева А.И.

Ғылыми жетекші

Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық Университеті. Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Аңдатпа: Бұл мақалада ақшаның қазіргі экономикадағы атқаратын қызметтері және оның болашақтағы құны қарастырылады. Яғни, біз бұл мақаладан, егер біз инвестор болатын болсақ, қандай да бір салаға немесе басқа да жұмыстарға инвестиция салатын болсақ, ақша қаражатының болашақтағы құнын біле алатын боламыз. Немесе керісінше, дәл қазір бұрын қанша инвестиция салғанымызды осы мақала анық біле алатын боламыз.

Кілттік сөздер: ақша, инфляция, ақша айналымы, ақшаның болашақ құны, ақшаның ағымдағы құны.

Ақша – барлық тауарлардың құнын өлшейтін, жалпыға балама айрықша тауар. Ақшаның объективті қажеттілігі тауар өндірісі және айналысының болуына сәйкес қалыптасады. Тауар мен ақша бір-бірінен бөлінбейді, себебі ақша айналысынсыз тауар айналысының да болуы мүмкін емес. Ақша өндіріс және бөлу процессіндегі адамдар арасындағы қатынасты бейнелейтін, тарихи түрде дамып келген экономикалық категория. Ақшаның экономикалық категория ретіндегі мәні, оның мынадай үш қасиетінің біртұтастығынан байқалады: жалпыға тікелей айырбасталу формасы, айырбас құнының дербес формасы, еңбек өлшемінің заттай формасы.

Ақша экономикадағы рөлін өзінің атқаратын негізгі қызметтері арқылы орындайды. Ақшаның әр қызметі тауар айырбасы процесінен туындайтын тауар өндірушілердің формасы ретінде ақшаның элеуметтік және экономикалық мазмұнының белгілі бір жақтарын сипаттайды. Ақшаның қазіргі экономикадағы атқаратын қызметтері келесідей: құн өлшемі және баға масштабы, айналыс (айырбас) құралы, төлем құралы, қорлану және қор жинау құралы, дүниежүзілік ақша. Баға масштабы дегеніміз – ақша өлшемі ретінде мемлекет белгілеген белгілі бір металдың мөлшері және массасы. Құн өлшемі ақшаның экономикалық қызметі, ал баға масштабы тауардың құнын анықтау үшін емес бағаны белгілеу үшін заңды түрде белгілеген техникалық құрал. Айналыс қызметі құралы қызметінде ақша тауар айналысы процесінде делдалдық рөл атқарады. Т(тауар) - А(ақша) Т(тауар). Ақша айналыс қызметін атқаратындықтан да олардың саны, яғни айналысқа қажетті сатылатын тауарлар массасы және бағасы негізінде анықталады. Ал егер айналыстағы ақша массасы

тауар массасынан артық болса, онда ақшаның құнсыздануы инфляцияға жол береді. Ақша төлем құралы ретінде тек қана тауар айналысына қызмет етіп қоймай, сол сияқты қаржы және несие қатынастарына да қызмет етеді. Ақшаның қорлану қызметін атқару қашаннан алтынға жүктелген. Жалпыға ортақ қоғамдық байлықты құрау ретінде дүниежүзілік ақшалар халықаралық байланыстардағы есеп айрысуларда, бір елдің екінші бір елге займ немесе субсидиялар беруі барысында қызмет етеді.

Ақшаның уақытша құндылығы – бұл ақша қаражатының объективті мінездемесі. Оның мәні келесіде – бүгін бар ақша және болашақта алынатын ақша бір құндылы еместігінде тұрады. Бұл бір құндылық еместік үш негізгі себептермен анықталады:

1) *Инфляция*. Инфляция жағдайында ақшаның құндылығын жоғалту, бір жағынан оларды салым жасауға шақырады, яғни инвестициялық үрдісті инвестицияларды; ал басқа жағынан – қалдығы бар ақшаның және болашақта алынытын ақшаның айырмашылығын түсіндіреді.

2) Болашақта алынатын ақшаның алуаның тәуекелділігі. Әр шарт бойынша болашақта ақша түсетіндігі орындалмау, немесе жартылай орындалуы мүмкін.

3) *Ақша айналымы* – ақша қаражаттары, басқа әр актив сияқты, уақыт өтуімен пайда түсіруге пайдаланылады. Бұл мәнде, аз уақыттан кейін алынатын сома шешім қабылданып жатқан уақытта сомадан асу керек.

Ақша мен уақыт байланысы келесіде: ақшаны пайда табу үшін жұмсайды; жұмсалған ақшаны шығару үшін, қаржы салымынан қосымша пайда болуы тиіс немесе үнемділікті қамтамасыз етуге тиіс. Салымды ақтау үшін, пайда мен кіріс көлемі жоғару болу керек; қаржы салымдарын тиімді деп санауға болады, егер салымнан түскен пайда немесе кіріс инвестордың осы кірісті алғанға дейінгі шығындарын жауып, өзіне қажетті пайда түсіреді.

Барлық есептеу кезеңінде алғашқы ақша жиынтығына қолданылатын пайыздар *жай пайыздар* деп аталады және келесі формуламен есептелінеді:

$$I = PV * n * r, (1)$$

I – табыс көлемі немесе пайыздық төлем;

PV – алғашқы капитал;

n – қаржы операцияның ұзақтығы (жыл);

r – ондық бөлшек түріндегі пайыз мөлшері (мысалы 10% = 0,10).

Егер қаржы операциясының ұзақтығы бір жылға толмаса, онда $n = t / T$, мұнда t – күнмен есептелінген қаржы операциясының ұзақтығы, T – бір жылдағы күн саны.

Күрделі пайыздарды есептеу – дисконттауға қарсы үрдіс, себебі қазіргі кезде қолда бар ақшаның болашақтағы құны күрделі пайыздар көмегімен анықталады:

$$I = PV * ((1 + rc)^n - 1)$$

(2)

Ақшаның болашақ құны (FV) – бұл қазіргі кезде инвестицияланған ақша қаражатының болашақтағы құны.

Ақшаның ағымдағы құны (PV) – болашақ ақша ағынының дисконтталған құны.

Аннуитет – белгілі бір жылдар аралығындағы төленетін тең аралықтағы тізбектік төлемдер арасындағы бір бағыттағы төлемдер ағыны (жарна, рента немесе табыс). Сақтық ісінде ол рентаны немесе зейнетақыны сақтандыру жөніндегі төлемдердің шамасын (мөлшерін) көрсетеді.

$$P = F / (1 + R)^N$$

$$F = P(1 + R)^N$$

Ағымдық және болашақ құнды есептеуде күрделі пайыз қағидаты қолданылады.

Жай пайыздар – алғашқы ақша сомасына қолданылатын пайыздар.

Күрделі пайыздар – қайта қаржыландырылатын пайызға алынатын пайыз, яғни несие немесе қаржы салымы бойынша төленетін пайыз, негізгі сомаға қосылады және нәтижесінде пайыз негізгі сомамен қатар алынған пайызға да төленеді.

Болашақ құн – қазіргі таңда инвестицияланған ақша қаражатының болашақтағы құны, яғни күрделі пайыз рәсімін пайдалану нәтижесінде бірнеше жылдан кейінгі инвестицияның құны.

Болашақ құнды есептеуде келесі формула қолданылады:

$$FV = PV * (1 + r)^n, \text{ мұндағы}$$

FV – инвестицияның болашақ құны;

PV – ағымдағы құн;

r - ағымдағы пайыздық мөлшерлеме;

n – пайыздарды есептеу жиілігі.

Мысал. Біздің жылдық 10 пайызбен ақша салуымызға мүмкіндігіміз бар деп қарастырайық. Бүгінгі салған 1 теңгенің 3 жылдан кейінгі құнын есептейік:

Үшінші жылдың соңында : $1 * (1 + 0,1)^3 = 1,33$ теңге болады.

Егер де бүгін 250 теңгені жылдық 10 пайызбен 8 жылға салатын болсақ, онда бұл салым $250 \cdot (1,1)^8 = 535,90$ теңге алып келеді.

Ағымдағы құн – болашақ ақша ағымының дисконтталған құны. Дисконттау әдісін қолдана отырып, біз болашақ ақша ағымының ағымдағы құнын біле аламыз, яғни болашақта белгілі бір мөлшерлеме бойынша белгілі бір соманы алу үшін қазір қанша қаражат салу керектігін біле аламыз.

$$PV = FV \cdot 1 / (1+r)^n, \text{ мұндағы}$$

Мысал. 5 жылдан кейін 1 теңге алу үшін жылдық 10 пайызбен салатын қазіргі сомамызды анықтау керек, сонда $1 / (1.10)^5 = 1 / 1,61051 = 0,62092$.

Алынған нәтиже 5 жылдан кейін 1 теңге алуымыз үшін, біз 0.62092 теңгені жылдық 10 пайызбен салуымыз керектігін көрсетіп тұр. Егер 1000 теңге алғымыз келсе $(1000) \cdot (0,62092) = 620,92$ теңге салуымыз керек.

Таза келтірілген құн келтірілген құн мен мерзімі жақын ақша қаражаты ағымының қосындысына тең.

$$NPV = C_0 + C / (1+r), \text{ мұндағы}$$

C_0 – мерзімі жақын ақша қаражаты ағымы;

C – егер мерзімі жақын ақша қаражатының ағымы инвестициялар, яғни ақша қаражатының кері ағыны болса, онда теріс мәнді болады.